


Түркістан облысы
Түлкібас ауданы
“Балжан” бөбекжай-бақшасы



Сиқырлы алма

Тәрбиеші: Туртаева У.

Т.Рысқұлов ауылы



Тақырыбы: «Сиқырлы алма»

(карандаштар мен қылқаламдарды еске түсіру) заттық сурет салу.

Мақсаты: а) Алманың суретін сала білуді үйрету;

ә) Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

б) Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.

Билингвальді компонент: алма - яблоко

Іс -әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңбері. Қызыл- жасыл, карасын Қолға кезек аласың. Қарындашпен әртүрлі, Алуан сурет саласың. Қарындаштың көмегі, Міне, қандай көп еді. Ұштай біл де, ұстай біл, Түрлі өрнек төгеді. (Н. Айтов.)	Өлең жолдарын кимылмен көрсетеді. Қылқалам мен қарындашты естеріне түсіріп, ұстап көріп, сұраққа жауап береді.
Іздену ұйымдастырушы	Тақтаға «Күз» мезгілінің суреті ілінеді. Күз мезгілі туралы білім дерін кеңейту үшін әңгіме жүргізіледі. Педагог балаларға сурет бойынша әңгіме құратады. –Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсындар? Алма туралы сұрақтар береді. Балалар алманың суретін салады. «Домалақ», «әдемі», «қызыл», «сары», «жасыл» деген сөздермен сөз тіркесін құрастырады. Педагог алманың суретін салу жолдарын түсіндіреді. (Баяу ойнайтын әуен қоюға болады) - Қылқаламды үш саусақпен ұстап, суға батырып, артық суды стакан ернеуіне сүйкеу арқылы қалдырып, қалаған бояуымызға салып, қылқаламның ұшымен жоғарыдан төмен қарай сызықтар жүргізе отырып, алманы толық бояп шығамыз. Енді қылқаламды жуып, қоңыр бояуға салып, алманың сабағын саламыз. Алманың ішін бояу үшін қылқаламды бояуға толық батырып жоғарыдан төмен қарай жүргіземіз. Сергіту сәті: Қолды үстелге қоямыз, Саусақтарды санаймыз.	-Қазір күз мезгілі. Себебі айналаның барлығы сары түсті болып тұр. Күзде жемістер, көкөністер піседі, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Балалар педагогтің үйретуі бойынша қағаз бетіне үлкен бұтаны сала бастайды. Үлкен бұтадан тармақталып шығатын кішкентай бұталарды салады.

	1,2,3,4,5 - 1,2,3,4,5 Екі қолды қос. (Екі рет қайталауға болады).	
Рефлексивті түзетушілік	Педагог сұрақтар арқылы оқу іс- әрекетін пысықтайды. - Қарандаршы, балалар, алмаларымыз әр түсті болып шықты (тақтаға балалардың жасаған жұмыстары ілінеді). Қызыл, сары, жасыл алмалар- бір сөзбен әр түсті, алуан- алуан түсті деп атауға болады. “Алуан” сөзін қайталатып айтқызады. Балалар жұмысын талдап мадақтайды.	Балалар толық жауап береді. Жеке -жеке жауап алынады. Мысалы: Мен алманың суретін салдым. Алма- жеміс, ол ағашта өседі. (Дыбыстарды дұрыс айтпаса, педагог өзі бір рет айтып, балаға қайталатады).

Біледі: алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай біледі.

Игереді: жоғарыдан төмен қарай сызық сызуды.

Менгереді: алманың суретін салуға дағдыланады

